

ДҚБ Сымбат бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы.

2022-2023 оқу жылы

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 26.08.2022ж

Тақырыбы: «Жаңартылған бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі».

Мақсаты: Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру

Төрайымы: Н.М.Байтурсынова

Хатшысы: Ж.Д.Қарабек

Қатысқандар саны: 10

Меңгеруші: Н.М.Байтурсынова

Әдіскер: Ж.К.Жанаева

Тәрбиешілер:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, талдау
2. Кадрларды топтар бойынша бөлу
3. Баяндама «Жаңартылған бағдарлама –білім берудің жаңа мазмұны »
4. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту.
5. Түрлі сұрақтар

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Н.М.Байтурсынова педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы, әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2022-2023 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Ж.Д.Қарабек сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: әдіскер Ж.К.Жанаева

Әдіскер Ж.К.Жанаева 2021-2022 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші Ж.Д.Қарабекті сайлауды ұйғарды.

1 ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.М.Байтурсынова жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары 8 бөлімнен тұрады. Жаңа оқу жылына Мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарын танып, біліп, меңгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дүниесін қалыптастырып, тіліп жетілдіріп, қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту. Баланың өмірін сақтау

және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сияқты құндылықтарға баулу.

Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету.

Күнделікті бірлесе атқаратын іс – қимылдар барысында балалардың бойында қоршаған орта құбылыстарымен адамгершілік қарым – қатынас жасау. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі, адамдар арасындағы өз орнын таба білу, өзін тұлға ретінде сезіну міндеттері алынды. Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған.

Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті. Балабақша педагогтерге өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлары талқыланды. Сондай-ақ Н.М.Байтурсынова жылдық жоспарда семинар жоспарланғандығын айтты және кеңес беру жоспарланған. Оқу жылына педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес жоспарланды. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша оперативті, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр айға жоспарланды. Оқу жыл барысында тақырыптық оқу қызметтері мен ертеңгіліктер және басқа да іс-шаралар жоспарланды. Ата-аналармен жұмыс бөлімінде 2 жалпы, 3 топтық ата-аналар жиналысы, кеңестер мен басқа да іс-шаралар, ашық есік күндері жоспарланды. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарын балабақшаның меңгерушісі, әдіскері, психологі мен медбикесі және музыка жетекшісі бірігіп отырып құрды. Сондықтан осы айтылғандарды құптаймыз, жылдық жоспарға алып қосарымыз жоқ десеніздер бекітейік.

1. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Әдіскер Ж.К.Жанаева жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

2. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Н.М.Байтурсынова онда жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2023-2023 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

2. Тындалды :

Әдіскер Ж.К.Жанаева

Сондай-ақ барлық топқа баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін күн тәртібі құрылды. Балабақшаның күн тәртібі ҚР. ДС министрінің № 59 бұйрығы 09.07.2021 ж «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 3 кестесіне сәйкес құрылды (материалдары қосымша беріліп отыр). Барлық топ тәрбиешілері тақырыптық жоспарымен таныстырып өтті.

3. Тындалды Балабақша меңгерушісі педагогтардың біліктілігіне сапатына байланысты кадр мүшелерін топтарға бөлді. Және әр тәрбиеші өз ісіне мұқият әрі талапқа сай қарауын, балаларды жана бағдарлама пайдалана отырып ойлау қабілеттерімен сойлеу мәнерінің дамуына үлестерін аямай қосуды айтып кетті.

5.ТЫНДАЛДЫ: Н.М.Байтурсынова

ШЕШИМ:

Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, перспективтік жоспары бекітілсін. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

4

ДКБ «Сымбат» бөбекжай балабақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

«Жаңартылған бағдарлама-білім берудің жаңа мазмұны»
баяндама

2022-2023 оқу жылы

«Жаңартылған бағдарлама-білім берудің жаңа мазмұны»

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпақ қасапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Бағдарлама обаланың төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

2016-2017 оқу жылынан бастап жаңартылған білім беру мазмұнына көшу сатысы басталып, балаларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөліне бастады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – балаларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту. Тәрбиешілер қауымы үшін білім беру ісінде нәтижелілікпен сапалы білім беру маңызды болып саналады. Ал нәтижеге қол жеткізуде бағалау нақты, шынайы, сенімді, ынталандырушы сипатта болғаны абзал.

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйымдарда білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі анықтайды. Бұл бағалау рәсімдерінің сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін және әр білім алушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жаңа бағдарлама негізінде педагогтар төмендегідей жұмыс түрлерін жандандыруы керек. Олар:- тілдік дағды;- білім беру мен білім алу дағы жаңа тәсілдер;- сыни тұрғыдан ойлау;- критериалды бағалау түрлері;- білім беруде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану;- жеке, бірлескен, жұптық, топтық жұмыс;- көшбасшылық, белсенді оқу – оқушы, белсенді оқыту – мұғалім.

Қазіргі білім беру жүйесіне жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Оқу қызметі барысында өзара бірлесіп жұмыс істеу маңызды рөл атқарады. Тақырыпты педагог менгертіп түсіндіргеннен гөрі, бірігіп топпен жұмыс істеу тиімді. Ал қазіргі таңда осы жаңартылған білім беру үдерісі

көптеген тиімді әдіс-тәсілдерге толы. Осы тиімді оқытудың 8 әдіс-тәсіліне тоқталсам:

Тиімді оқытудың 8 әдіс-тәсілі:

1. Бірлескен оқу
2. Белсенділік
3. Саралау
4. Пәнаралық байланыс
5. балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру
6. Оқу әңгімелері
7. Электронды оқу және жаңа технологияларды пайдалану
8. Модельдеу

1. Бірлескен оқу - топтық жұмыстар арқылы жүзеге асады. Топта жұмыс істеу арқылы тәрбиеленуші өз ойын еркін айтуға, пікір алмастыруға, жанындағылардан білімін толықтыруға үйренеді өзгелерді оқыта отырып, өзінің де білімі толық түседі.

2. Белсенділік әдісі - жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстырады. Оқушылардың жүргізген тәжірибелері, эксперименттері, ғылыми жобалары белсенділік әдісіне жатады.

3. Саралау әдісі - бір тапсырма арқылы әртүрлі деңгейдегі оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Ашық және жабық сұрақтар

Ашық сұрақтар

- ☐ Неліктен алма жеміс ағашы болып табылады?
- ☐ Деген сұрақты қойсақ оқушының кеңірек ойлануына мүмкіндік береміз. Сондықтан көбірек ашық сұрақтарды пайдалануға тиістіміз

☐ Жабық сұрақтар

☐ -иә

☐ -жоқ деп қана жауап беріледі.

☐ Алма жеміс пе? Иә.

Балаға ойлануға мүмкіндік берілмеді

Педагогтың шығармашылық белсенділігі ең алдымен өзінің өткізген сабағынан, іс-әрекеттерінен көрініс табады. Өзімнің күнделікті сабақтарымда қолданатын әдіс-тәсілдерім: жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдері.

Оқу қызметінде көптеген әдістерді пайдалана отырып және балалардың ынтасын арттыру үшін бағалаудың бірнеше түрін қолдану жақсы нәтиже көрсетуіне жағдай жасаймын.

Оқушылардың бойына қажетті дағдыларды дарыту үшін, педагогтар
тынымсыз еңбектену керек. Білім – өскелең ұрпақтың тағдыры. Н.Ә.Назабаев
«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз», - дегендей,
шығармашыл, ізденімпаз ұстаз атанып, үлкен нәтижеге жете берейік!

« ДҚБ Сымбат» балабақшашы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

№ 2 Педагогикалық кеңес хаттамасы

2022-2023 оқу жылы.

Тақырыбы: «Ел ертеңі – бүгінгі болашақ ұрпақ».

Максаты: Балабақшадағы балалардың білім деңгейін көтеру

Төрайымы: Н.М.Байтурсынова

Хатшысы: Ж.Д.Қарабек

Қатысқандар саны: 10

Менгеруші Н.М.Байтурсынова

Әдіскер :Ж.К.Жанаева

Тәрбиешілер:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық аттестациялау бойынша құжаттар дайындау
2. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
3. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.
4. Ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.

Балабақшамыздың менгерушісі Н.М.Байтурсынова педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

1.Тыңдалды:

Балабақша әдіскері сөз алып, Балабақшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне, дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дене жаттығуы- дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті.. Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін, Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, . мынадай түрлерге бөлінуін көрсеті.

Таңертеңгілік жаттығу

- Қимыл- қозғалыс ойындары, спорт ойындары.

- Спорттық жаттығулар.

Балабақшадағы дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: күн әртібі бойынша сауықтыру шаралары (таңертеңгілік жаттығу, қимыл- қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері , ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар). Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сақтап, нығайтатындығын және дене мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл- қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттыруына ықпал ететіндігін айта өтті..Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізілед деп сөзін аяқтады.

1Сөз сөйлеген : Тәрбиешілер Балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

2. Тыңдалды: Әдіскер Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап Күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткізетіндігіміз туралы айтып, Дене шынықтыру оқу қызметі балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты . Ол әрбір жас топтарында аптасына 2-3 рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза

ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады. Оған

Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртіну
Дене шынықтыру оқу іс- әрекеті таза ауадағы қимылдық ойындар.
Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.
Дәрумендер терапиясы
Психо жаттығулар
Жалпақ табан, омыртқаның қисаюының алдын- алу.
Дем алу, сергіту жаттығулары.
Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті

4. Тыңдалды: Меңгеруші Н.М.Байтурсынова сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін Қатанас білім саласының «Күз кереметтері» тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына, ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін, балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балалардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

1Сөз сөйлегендер: Әдіскер ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

Шешім: ШЕШІМ:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59- бабының 4- тармағына сәйкес өзіндік аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімі бекітілсін.
2. Енбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы талап етілсін.
3. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.
4. Жас мамандардың ашық оқу қызметіне қатысуы қадағалалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы
Хатшы



Н.М.Байтурсынова
Ж.Д.Қарабек.

« ДКБ Сымбат» балабақшашы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

№ 3 Педагогикалық кеңес хаттамасы

2022-2023 оқу жылы.

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 10.01.2023ж

Тақырыбы: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы».

Төрайымы: Н.М.Байтурсынова

Хатшысы: Ж.Д. Қарабек

Қатысқандар саны: 11

Меңгеруші: Н.М.Байтурсынова

Әдіскер: Ж.К.Жанаева

Тәрбиешілер:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жарты жылдықтығы аралық мониторинг қорытындысы
№2 педагогикалық кеңестің қорытындысы.
2. Баяндама «Қиын отбасындағы бала психологиясы»
3. Педагогтармен тәрбиешілердің жарты жылдық есебі.
4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс-шаралары.

1 ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақшамыздың әдіскері Ж.К.Жанаева өткен педагогикалық кеңестің шешімінің қаншалықты орындалғанына есеп берді.

Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кеңестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы қадағаланып жатқандығын айтты.

Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың кестесін көрсетті. Балабақшада өтетін ертеңгіліктер мен ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелерінің бекітілгенін толық баяндады.

Одан әрі қарай бүгінгі қарастырылатын мәселелерге көңіл бөлді. Балабақша тәрбиешілері бес білім беру саласы бойынша балалардың даму мониторингісінің қорытындысын баяндап есептерін тапсырды. Бес білім саласы бойынша балалардың даму мониторингі жақсы деп бағаланды.

2 ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша психологі Л.Балабекова. Ұрпақ тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын негізгі мәселелері болып келгендігі дәлелдеуді қажет етпейдігін айта келе, тәрбие ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс екендігін айтты...

Пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін, жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген психологиялық – педагогикалық жүйе болуы керек. Бұл жүйенің ерекшелігі – «қиындардың» түзелу мүмкіндігіне ғана емес, сонымен бірге олардың рухани жағынан да бүтіндей қайта өзгертіндігіне кәміл сену қажеттігінде деп, Қиын отбасыдағы баланың психологиясы жайлы бірнеше дәлелдеулер айтып өтті. Қиын отбасыдағы балалардың психологиясын бақылау мақсатында мыналарды ұсынды.

1. **Бақылау** – баланың іс- қимылын, сөзін әртүрлі іс- шаралардан, оқу қызметіне ынтасын байқау.
2. **Әңгімелесу** - баламен сөйлесу арқылы оның ішкі дүниесіне ену, проблемасын білу, түсіну және оны шешуге бағыт - бағдар сілтеу.

3. **Сауалнама**- арқылы бала туралы ақпарат жинау. Сауалнаманың мазмұнында негізгі проблема ғана болуы тиіс. Ойы, мінезі, әлеуметтік демографиялық жағдайы, белгілі бір бағыт бойынша қызығушылығы.

Сұрақтар мынандай түрде болуы мүмкін:

Сұрақ (дайын жауаптардан керегін бала өзі тандап алады.)

Өз бетімен жауап беру

Тура жауаптар

Жанама жауаптар

4. **Сұхбаттасу** - алдын ала дайындалған сұрақтарға жауап алу. Сұхбаттасу мынандай түрде болуы мүмкін:

қарапайым жағдайда сөйлесу

баланың үнемі болатын ортасында сұхбаттасу

жауап беру мүмкіндігін ескеру-белгілі бір уақыт ішінде жауап беру керектігін айту үшінші адамның көмегінсіз әңгімелесу;

Мысалы: «**Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу.**» қажеттігін айтып өтті.

ЗТындалды : Балабақша әдіскері Ж.Жанаева балабақшаның жарты жылдық жылдық есебін баяндады. Жарты Жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер, семинарлар, жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жоспарын, жүргізген жұмыстарын қағаз жүзінде өткізді.

4. Тындалды

Күн тәртібіндегі 4 –мәселе бойынша тәрбиеші Ү.Хоитованың баяндамасы тыңдалды. «Жапсыру» және «Мүсіндеу» оқу қызметінде пайданылатын құралжабдықтар сирвировкасы мен оларды қолдану тәртібі туралы төмендегідей мағлұмат берді. Жапсыру жұмысы балаларды пішіндермен таныстыру арқылы жүргізіледі. 2 – 3ден – жас аралығында алғашқы жапсыру жұмыстарында балалар пішіндерден зат, құрастыруды үйренеді. Балалар дайын пішіндерді өз орнына орналастыру арқылы үйшік машина, мұнара, аққала, арба, сәнді көйлектің түймелері, ыдыстағы жемістер тақырыбында жапсыру іс-әрекеттерін орындайды. Содан соң балаларға тік төртбұрыштың ұшын қайшымен бір басып қию әдісі арқылы шарлар, шырша шамдары, алмалар, жанғақтар, құлпынайлар, доптар қидырырылып желіммен қағаз бетін бағдарлап ортасына желімдеп жапсыру әдістері үйретіледі. 3 жастан 4 жас аралығында бала қолына қайшы ұстауды үйрену қажет. Себебі бұл жасқа дейін ол жапсыру жұмыстарын дайын пішіндерді орнына орналастыру арқылы жасаса, ендігі жас кезеңінде ол қағазды қию және желімдеу әдістерімен танысады. Оны тәрбиеші немесе ересек адам үлгі көрсету арқылы үйретеді. Әрі қарай қию тәсілі күрделенеді. Балаға қайшыны бірнеше рет басып тік қию арқылы тік төртбұрыштарды қиып алу үйретіледі. Бұл әдістермен түрлі доптар, шарлар, шырша ойыншықтары қиылады. Содан соң қағазды екі бүктеп қию әдісі үйретіледі. Пішіндер мен өрнектерді орналастыруда пысыкталады, қағаздардың түс үйлесімділігіне мұқият зейін аударылады. 5 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға сюжетті жапсырмаларды қабаттап бүктеу арқылы қиып алу және жапсыру әдістері үйретіледі.

1.Сөз сөйлеген: Тәрбиеші И.Халикова мүсіндеу жұмысын үйрету әдістері атап өтті.Ермек саздан мүсін жасау балалардың сүйікті жұмысы,бірақ мүсінді қалай жасау керек әдістерін міндетті түрде ересек адамдар үйретеді. Балаға мүсінді жасату алдында оның жасайтын мүсінге қызығушылығын көтеру қажет,содан соң оны жасау әдістерін үйрету меноны тамашалау,әңгімелеу,сипаттау жұмысы жүргізіледі.Мүсіндеу әдістері бір қалыптан бастап көрсетіледі:2 жаста 3 жас аралығында саз балшықты алақан арасында дөңгелету әдісімен доптар,шарлар,нандар,күлшелер жасау үйретіледі. 3 жастан -4 жас аралығында саз балшықтан жасаған дөңгелектерді алақан арасында есу арқылы шұжыктарды,тесік бөлшектерге табақтарды жасау ұсынылады. 4 жас пен 5 жас аралығында ермек саз-пластилин қолданылады.Одан жоғарыда атап көрсетілген әдістерді пысықтау негізінде бөлшектерге бөліп,еселеу әдісімен заттың мүсінін жасау үйретіледі.Сонымен бірге сылау,таңбалау әдісін қолдану үйретіледі деп міндеттеп алды.

ШЕШІМ:

1. Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу тәрбиешіге жүктелсін.
2. «ҚР МЖМБС-на сай оқу іс-әрекеттерді сапалы ұйымдастыру ісін жандандыруда педагогтар озық тәжірибелерді қолдануды одан әрі арттырсын.
3. Балаларға сылау,таңбалау әдісін қолдану үйретілуі міндеттелсін

Жауапты Ж.Жанаева

Педагогикалық кеңес төрайымы
Хатшы



Н.М.Байтурсынова
Ж.Қарабек

« ДКБ Сымбат» балабақшашсы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

№ 4 Педагогикалық кеңес хаттамасы

2022-2023 оқу жылы.

Өткізілген уақыты: сәуір. 2023 ж.

Тақырыбы: «Денсаулық сақтау технологияларын енгізу арқылы балалар мен МДҰ педагогтерінің салауатты өмір салтын қалыптастыру».

Мақсаты: Балабақшадағы сауықтыру-шынықтыру жұмысының деңгейін көтеру

Төрайымы: Н.М.Байтурсынова

Хатшысы: Ж.Қарабек

Қатысқандар саны: 10

Меңгеруші: Н.М.Байтурсынова

Әдіскер: Ж.К.Жанаева

Тәрбиешілер:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
2. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.
3. Денсаулық саласы бойынша ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.
4. Психологиялық тренинг «Телефон»

Балабақшамыздың меңгерушісі Н.М.Байтурсынова педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

1. Тыңдалды: Балабақша әдіскері Ж.Жанаева сөз алып, Балабақшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне, дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дене жаттығуы- дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті. Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін, Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, мынадай түрлерге бөлінуін көрсетті.

- Танертеңгілік жаттығу
- Қимыл- қозғалыс ойындары, спорт ойындары.

- Спорттық жаттығулар.

Балабақшадағы дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: күн әртібі бойынша сауықтыру шаралары (танертеңгілік жаттығу, қимыл- қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері, ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар). Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сақтап, нығайтатындығын және дене мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл- қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттыруына ықпал ететіндігін айта өтті. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізілед деп сөзін аяқтады.

1 Сөз сөйлеген : Тәрбиеші Ә.Қадір. Балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

2. Тыңдалды: Әдіскер Ж.Жанаева. Балабақшаға танертеңгі келген уақыттан бастап Күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткізетіндігіміз туралы айтып, Дене шынықтыру оқу қызметі балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты. Ол әрбір жас топтарында аптасына 2-3 рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты

Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртінуге
Дене шынықтыру оқу іс- әрекеті таза ауадағы қимылдық ойындар.
Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.
Дәрумендер теропиясы
Психо жаттығулар
Жалпақ табан, омыртқаның қисаюының алдын- алу.
Дем алу, сергіту жаттығулары.
Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті

Дәрумендер терапиясы

Психо жаттығулар

Жалпақ табан, омыртқаның қисаюының алдын- алу.

Дем алу, сергіту жаттығулары.

Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті

1Сөз сөйлегендер: Әдіскер: Ж.Жанаева ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

1. Енбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы талап етілсін.
2. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.
3. Жас мамандардың ашық оқу қызметіне қатысуы қадағалалансын.

14

**« ДҚБ Сымбат» бөбекжай балабақшашы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

№ 5 Педагогикалық кеңес хаттамасы

2022-2023 оқу жылы.

Өткізілген уақыты: мамыр.2023ж

Тақырыбы: «2022-2023 оқу жылының қорытындылары».

Мақсаты: Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу

Төрайымы: Н.М.Байтурсынова

Хатшысы: Ж.Қарабек

Қатысқандар саны: 10

Менгеруші - Н.М.Байтурсынова

Әдіскер Ж.Жанаева

Тәрбиешілер:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №4 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау
2. Оқу процесінің жылдық қорытындысы
3. Тәрбиешілер мен педагогтардың, мейірбикенің жылдық жоспары
4. Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстыру

Балабақшамыздың менгерушісі Н.М.Байтурсынова педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

1.Тыңдалды:

Әдіскер Ж.Жанаева Бірінші мәселе бойынша №4 педагогикалық кеңестің шешімі талқыланды. Бала денсаулығының нығаюына арналған іс шаралардың жоспары көрсетіліп, балалармен жасалған жұмыстардың есебі оқылып, суреттері көрсетілді. Және жас мамандардың ашық оқу қызметіне үнемі қатысып, өз тәжірибелерін кеңейтіп жатқандығы туралы сөз қозғалды.

2.Тыңдалды: «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

1) 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;

2) 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;

3) 3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Диагностиканы жүргізу кезеңдері: жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында жүргізіледі.

- бастапқы – қыркүйек;

- аралық – қаңтар;

- қорытынды – мамыр.

Мониторинг көрсеткіш ретінде баланың дамуын қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлауға негіз болып табылады. Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтады. Нәтижесінде оқу жылының соңында «Балапан» аралас жас тобының МЖМБС талаптарына сай төрт білім беру салалары бойынша балалардың білім көрсеткіші I-деңгей 52%, II деңгей 38%, III деңгей 10%-ды құрады. Балалар не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие. Тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі төмен деңгейде екенін, тілдік дағдылары мен танымдық дағдыларын дамыту жұмыстарын жандандыру қажет екені анықталды. «Бәйтерек» ортаңғы тобында I-деңгей 35%, II-деңгей 47%, III-деңгей 18%-ды көрсетті. «Көгершін» ересектер тобында I-деңгей 26%, II-деңгей 48%, III деңгей 26%-ды көрсетті. «Қарлығаш» ересектер тобында I-деңгей 26%, II-деңгей 52%, III деңгей 22%-ды көрсетті. Ересек топтарда тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде

балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі орташа деңгейде екенін, бір баланың мүлде сөйлей алмайтыны, ата-анасына, аудандық білім бөліміне ескертіліп айтылғаны анықталды. Мониторинг нәтижесі бойынша балалардың құзыреттіліктерінің даму динамикасының оңтайлы екендігі байқалады. Бұдан ұйымдастырылған оқу қызметтері жеткілікті деңгейде жүргізілуде деген қорытынды жасауға болады. Биылғы жылы бөбекжайда балалардың даму құзыреттіліктерінің диагностикасы ғана емес, сонымен қатар балалардың мектепке дайындығына да талдау жасалған.

Салыстырмалы бақылау нәтижесінде, тәрбиеленушілермен сөйлеуді дамыту жұмыстарын жиі жүргізу, балаларды өз бетінше әрекет етуге, ойын ашық айта білуге үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сурет салу өнеріне баулу, ермексазбен жұмыс жасау технологиясын үйрету қажеттілігі анықталды. Тәрбиешілер мен басқа барлық мамандардың жұмыстары өте тығыз ынтымақтастықта жүргізіледі. Балалардың даму деңгейін тексеру және бақылау әдіскер Ж.Жанаеваның басшылығымен әдістемелік кеңесте талқыланды.

3. Сөйледі: Тәрбиешілер жеке жеке топтағы әрбір баланың денсаулығының нығаюы мен дағдыларының қалыптасуына әсер ету мақсатында жыл бойы атқарылған жұмыстарының қорытынды есебін оқып талқыланды.

4. Тыңдалды: Менгеруші : Н.Байтурсынова сөз алып, Жаз мезгілінің жоспарымен таныстырып өтті.

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы негізінде балаларды тұрақты немесе уақытша орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі. Елді мекеннің ішінде бір мектепке дейінгі ұйымнан басқасына орын алмастыру жас топтары сәйкес келген жағдайда, ата-аналардың және мектепке дейінгі ұйым басшыларының келісімімен жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі ұйым қызметі екі кезеңге бөлінеді:

- 1) 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеру кезеңі;
- 2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.
- 3) 1 қыркүйекте 6 жасқа толған балалар мектепке дейінгі ұйымнан жыл сайын 1 тамызға дейін босатылады;
- 4) балаларды бір жас тобынан басқасына ауыстыру ағымдағы жылғы 1 маусым мен 31 тамыз аралығында жүзеге асырылады. 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде бөбекжайда 1 маусымнан бастап жазғы сауықтыру кезеңі басталады. 2021-2022 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары дайындалып, бөбекжай құрылтайшысы, Н.Байтурсынованың қолымен бекітілді. Жоспар бойынша аптаның 4 күні жазғы кестеге сәйкес жеңілдетілген оқу қызметтері өткізіледі. Аптаның бесінші күні апталық тақырыпты қорытындылау нәтижесінде ойын-сауық өткізіледі. Ойын-сауыққа жауапты педагогтар бекітілді. Балаларды жазғы кезеңде дене-сауықтыру жұмысы (спорттық және қимылды ойындар, таңертеңгі гимнастика, сергіту сәттері, музыкалық-ырғақтық қимылдар, дербес қимыл белсенділігі, ұсақ моториканы дамыту ойындары, тыныс алу жаттығулары, көзге арналған гимнастика және т.б.), тиімді тамактануды ұйымдастыру, шынықтыру (күннің көзіне қыздырыну, серуендер, жорықтар, жарыстар және т.б. сауықтыру жүйесін қамтиды. Мектепке дейінгі ұйымда жаз кезеңі шығармашылық, сауықтыру мен қарым-қатынас, ойындар, сауық-кештер, бірлескен және жеке еңбек, тәжірибелік-эксперименттік әрекет түрлерін де қамтиды.

Шешім:

Жазғы сауықтыру –шынықтыру іс шараларының жоспарының орындалуы қадағалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы
Хатшы



Н.М.Байтурсынова
Ж.Қарабек